



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Алаш бағдарламасының жобасы бойынша дін мемлекеттен бөлек болуы керек, барлық діндер теңқұқылы, дінге сенудің және діни нанымның еркіндігі жария етіледі.

Бағдарламаның кейбір ережелері Ресей отарлау саясатының зардаптарын жоюға бағытталған еді. Жер реформасын жүргізгенде «бұрын қазақтардың переселендер үшін қоныстанған жерлермен қоса қайтарылуы керек»; «қазақ тілінде оқытатын орта мектептер мен университеттер ашылуы керек» делінген.

Бағдарламаның әлеуметтік-экономикалық бөлімінде либералдықпен қатар әлеуметтік-демократиялық элементтер де бар. Мысалы, «салық жалпы байлық пен әл-ауқат деңгейіне байланысты алынуы керек, бай көп төлейді, кедей - аз». Қазақстанда фабрикалар мен зауыттар аз болғандықтан, Алаш партиясы бұл мәселе бойынша социал-демократтардың – меншевиктердің бағдарламасын қолдайтыны да бағдарламада байқалады. [3,36] «Қазақ автономия болуға ма, болмасқа ма? Автономия болғанда қазаққа қай түрлі автономия қолайлы? Әуелі, мемлекеттік автономия болуға ма яки уалаяттық автономия болуға ма? Екінші, уалаяттық автономия болғанда жерге қарай болу ма, елге қарай болу ма? Қазақ, сірә, өз алдына автономия бола алар ма, әйтпесе басқаларға қосыла бола ма?» деген мәселелерге алаш қайраткерлері ерекше ден қойған-тын. Сондықтан алдымен бұл екі автономияның арасындағы айырмашылықтарды олар былайша қарастырды: «Мемлекеттік автономия болса, өз Г. Думасы болмақ; өзіне керек заңдарды сол Думасы шығармақ; Ақшасын өзі жасап шығармақ; Барша шаруашылық ісі, теміржол, почта, телеграф сияқты істерінің бәрі де өзінде болмақ; Жер-суының билігі де өзінде болмақ; Өз алдына әскер ұстамақ; Қысқасы, мемлекетке керек жабдықтарын өзі жайғастырып, өз қамын өзі жемек. Жалғыз-ақ шет мемлекеттермен арасында болатын істер жалпы мемлекет арқылы істелмек. Жалпы мемлекеттің мемлекеттік автономияда өкілі ғана тұрмақ. Мемлекеттік автономияның бас мемлекетпен жалғасатын жері осылар ғана. Уалаяттық автономия болса, оның өз алдына ақшасы, теміржолы, почта, телеграфы, әскері болмайды, жалпы мемлекеттің Г. Думасына өкілдерін жібереді. Өз Думасы сол жалпы мемлекет Думасында шыққан заңға қайшы келместей заңдарды шығаруға ықтиярлы болады. Уалаяттағы барша жергілікті істерінің билігі өз қолында болады. Жер-судың билігі жалпы мемлекет қолында болады» [4, 396б].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Егемен Қазақстан, 2011ж. 13 қыркүйек, 3-бет.
2. Аңыз адам, 2014 ж. №24, 5-34 бет.
3. Егемен Қазақстан, 2001ж. 7 желтоқсан, 3-бет.
4. Алаштың талапты азаматына, «Қазақ» газеті (Құрастырушылар: Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов). Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998, 396 б.

УДК 340

МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТЕГІ ЭЛИТА МӘСЕЛЕСІ

Сүлеймен Назерке

naz__erke@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 1-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент Б.Ө. Алтынбасов

Элита - әлеуметтік стратификация жүйесіндегі ең жоғарғы стратасы. Ағылшын тілінде elite деп XVI ғ. жоғары сапалы тауарлар, XVIII ғ. - іріктелген әскери бөлімдер аталды. Бұл ұғым генетикада, тұқым шаруашылығында ең жақсы, жеке дара, өзгешелерді атауда қолданыла бастады. XIX ғ. ұғым әлеуметтік иерархия жүйесінде жоғарғы страталарға қатысты қолданыла бастады. Алғаш әлеуметтану саласына енгізген **Вильфредо Парето** болды. Кейінгі элита теориясының негізін салушылар *Платон, Н.Макиавелли, Ф.Ницше* болды. Тұтас көзқарастар жүйесі ретінде элита теориясын *Г. Моска, В. Парето, Р. Михельс*

калыптастырды. Бұл теориялардың бастапқы қағидасы әлеуметтік, саяси басқаруды, мәдени дамуды жүзеге асыратын әлеуметтік және саяси құрылымның қажетті элементтері бар ерекше пұрсатты, артықшылықты қабат.

Дегенмен де осы элита сөзі айтылғанда ерекше еске түсіретін ғалым – Геннадий Константинович Ашин. Бұл кісінің элитология саласына сіңірген еңбегі өте зор. Ашиннің еңбектері Ресейде сонымен қатар көптеген мемлекеттердегі элитолог ғалымдар арасында өте танымал. Олардың көпшілігі өз шығармаларын алғаш Ашиннің еңбектерін оқып, түсінік ала отырып жазды десек қателеспейміз. Осының арқасында Ашиннің еңбектері бұл сала үшін хрестоматия іспетті болды, ал аты осы салада ерекше орын алды. Өскелең ұрпақтағы жас элитолар Ашиннің еңбектерімен өскенін жасырмайды және де оған «Отандық элитологияның әкесі» деген атақ берген. Ресей азаматтары Ашиндай ғалым үшін мақтанады, оның дәлелі қазір Ашин атымен қайырымдылық қоры ашылған.

Бұл саладағы Ашиннің мақсаты элита саласының ұғымын ашып қана қоймай оның көпжақтылығын көрсету болып табылады. Оның алғашқы еңбегі «Современные теории элиты: критический очерк» деп аталған болатын. Бірақ бұл еңбегі шыққанда батыс елдері элитология саласы жайлы пікірлермен келісе қоймады. Дегенмен ХХІ ғасырдан бастап «элитология» термині барлық жерде қолданыла бастады. Ашиннің бұл саладағы үлесі, ол элитология ұғымын жалпы ғылыми саладағы дәрежесін көтерді.

Г.К.Ашин:

«Элитаның ауысуы, бұрынғы элитаның орынына жаңа, яғни контрэлитаның келуі. Бұл революциялық өзгеріс секілді, ереже болып табылады»

«Элита көпжақтылығымен ерекшеленеді, себебі ол қоғамдық өмірдің барлық салаларында және оның барлық деңгейінде қызмет етеді»

«Элита ұғымы – жақсы, сапалы бір нәрсенің баламасы секілді, уақыт өте қоғамға қатысы бар қоғамдағы билеуші топтардың мәнін бойын сіңіре алды»

«Элита сөзі соңғы ғасырларда көптеп қолданылатын болады, себебі қоғам элитамен тығыз байланыста»

Конфуций:

«Элитизм – адамның жоғары моральдық тәрбие алу арқылы пайда болған жамарттық қасиеті»

Жалпы «элита» сөзі *үздік, таңдаулы* деген мағына берген. Кейін элита көзғарасы өз ауқымын кеңейтіп, осыдан элитология саласы пайда болды.

Элитология – саясаттану ғылымы саласында элитаның пайда болуын, шығу тегін, қалыптасуын, өсуін, дамуын, билікке келуін, қоғамға ықпалын, жойылуын зерттейтін ғылым саласы. [4]

Элита алғашында халық санасында ең жақсы таңдаулы тұқым, селекция нәтижесінде алынған өсімдік немесе мал деген түсінікте қалыптасқан. Кейіннен бұл сала өз ауқымын кеңейте келе элита үшін екерше сала **элита теориясы** қалыптасты. [1/428]

Элита теориясы – қоғамның игі азаматтарының ерекше міндеті, әлеуметтік-саяси және интеллектуалдық белсенділігі және қалың бұқараның енжарлығы туралы теориялар.

Негіздерінің қалану тәсілдеріне байланысты теория бірнеше түрге ажыратылады.

- Биологиялық теорияларда биологиялық-генетикалық белгілеріне байланысты адамдарды аса көрнекті және қатардағы, белсенді және енжар, ақыл-есі дұрыс және кеміс деп бөлу негізі; (Р.Уильямс, Э.Богардус)

- Психологиялық теорияларда біреулердің кереметтілігіне және екінші біреулердің қарабайырлығына түрткі болатын психологиялық қасиеттер негізі; (Г.Джильберт, Б.Скиннер)

- Психикалық-аналитикалық теорияларда нәпсіні тежей білу қабілетіне және билікке немесе басыбайлыққа үмтылуға байланысты; (Фрейдизм, Э.Эриксон)

- Әлеуметтік-психологиялық теорияларда әрбір адамның психологиялық ерекшеліктеріне, оның өмірінің әлеуметтік факторларына байланысты өзгерген мінез-құлықтың әртүрлі типтерін мойындауға байланысты; (Фромм, Г.Лассуэлл)

- Технократтық теорияларда өндірісті басқаратын және өздерінің техникалық дағдыларының арқасында "техно- құрылымда" ерекше жағдайға ие адамдардың ұйымдастырушылық міндеттеріне байланысты; (Дж.Бернхэм, Дж.Гелбрейт) [4]

Белгілі бір мәселелерді түсіндірудегі алуан түрлі өзгешеліктерге қарамастан барлық элита теориясы үшін:

- қоғамды әрқашан элитаға және бұқараға бөлетін адамдардың табиғи теңсіздігі туралы;
- ғылымитехникалық және әлеуметтік дамудың қозғаушы күші ретінде элитаның қажеттілігі туралы;
- біреулердің сөзсіз үстемдік етуі және басқалардың бағынышты болуы туралы;
- көпшіліктің үстінен қарайтын билеуші азшылықтың толық құқылығы мен заңдылығы туралы;
- тарихи процеске ешқандай игі ықпал етпеуін былай қойып, өз бойына өркениет жетістіктеріне қарсы шығуы мүмкін "іріткі күштерді жинақтаған" бұқараның енжарлығы мен аморфтылығы туралы жорамалдар ортақ болып табылады. [4]

Сонымен қатар бұл теория қандай қоғамдық құрылыс болмасын ғылым мен мәдениетті дамытатын, қоғамды басқаратын таңдаулы, қалаулы топ – элитадан және тобырдан тұрады дейтін реакцияшыл теория. Бұл теория монополистік капитализмнің дамуына байланысты шықты. Капитализмнің бұл сатысында ат төбеліндей монополистердің ықпалы қоғам өмірінің барлық саласынан көрініп, элита теориясы антидемократиялық бағыт алды. Қазіргі заманғы социологияда «Элита» термині әр түрлі мәнде қолданылады. *Саяси элита, экономикалық элита, әскери элита, техникалық элита* және т.б. Элитаның мұндай көп мәнде қолданыла беруінен оның нақтылы объективтік шындықты бейнелей алмайтын ғылымға жат ұғым екендігі айқын көрінеді. Элита теориясы тап және таптар күресі жөніндегі Маркстік ілімге қарсы бағытталған идеалистік теория, оның қандай түрі болмасын капиталистік қоғамдағы таптар айырмашылығының мәнін ашып бере алмайды. [1/428]

Элита мәндері.

Саяси элита - қоғамның ішіндегі аз топ, іштей жіктелген, біртекті емес, бірақ салыстырмалы интеграцияланған қоғамдық институттарда басшылық позицияларға ие және тікелей қоғамдағы билік шешімдеріне ықпал ететін тұлғалар тобы. [4]

Саяси элита және оның қоғамдағы рөлі

Саяси элита – нақты қоғамдағы, нақты тарихи сәттегі өкімет билігін ашық пайдаланатын саяси топқа айналды. Саяси жүйелердегі элиталар мен бұқараның арақатынасы аса маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Егер бұл кез- келген саяси жүйенің қажетті құрамдас бөлігі дейтін болсақ, онда олардың қолайлы арақатынасы туралы мәселе сөзсіз көлденең тұратыны анық. Элиташылар үшін элита-саяси процестің шынайы субъектісі, ал бұқара - қолайлы саяси жүйеге төнген қауіп-қатер сияқты көрінеді. Элиташыларға қарсылар үшін саяси процестің субъектісі-халық, ал элиталар-демократияға төнген қауіп- қатер ретінде қарастырылады.

Лассуэллдің пайымдауынша: «Демократия олигархиядан қоғамдық тұрмысқа мейлінше ықпал ететін элитаның жоқтығымен емес, өзінің ашықтығымен, өкілеттілігімен, жауаптылық сипатымен ерекшеленеді. Мысалы, билік қарым-қатынастарының салмақ түсірер нүктесі – элита мен бұқара арасындағы орталыққа таман жататын қолайлы саяси жүйе.»

Халықтың өзін-өзі басқаруы, элитаның билік аясын шектеу- демократиялық теорияның нормативтік қағидасы. Бірақ, оны асыра дәріптеп, саяси билікті үзілді-кесілді теріске шығаратын болсақ, онда осынау ой-пікірдің өзін өрескелдікке ұластырып алуымыз мүмкін. Мемлекеттік билік әкімшілігі болуының өзі салыстырмалы түрде оны дербестікке, өзіне тән мүдделерді орнықтыруға жетелейді. Алайда, осы әкімшіліктің билік құруы мен ықпал етуі деңгейіндегі мәселенің бәрі оның халықтық немесе қоғамдық артықшылықтарды иеленген азшылық тобының мүддесін қорғай ма, әлде осы әкімшілік қоғамнан жоғары ма дегенге сайып отыр. [5]

Демек, біз элитаның болуы – демократия үшін айқын да әлеуетті қауіп төндіретіндігі туралы қағиданы теріске шығармайтын болсақ, онда демократияны сақтап қалудың шарттары:

- элитаны халықтың ұдайы бақылауға алуы;
- элита халықтың бақылауынан шығып кетпеуі үшін оны өз өкілеттерін жүзеге асырауға ғана қажетті қызметтік міндеттерімен шектеу;
- мейлінше кең жариялылық, элитаны шектеусіз сынаудың мүмкіндігі, биліктің тармақталуы және саяси, экономикалық, ғылыми және өзге элиталардың бір-бірінен мейлінше оқшаулана өмір сүруі, оппозицияның, элиталар арасындағы күрес пен бәсекенің болуы, сайып келгенде, бұлардың бәрі жинақтала келе демократиялық процесті жандандырады. Бұқараның элитаға сарабдал сенімсіздігі табиғи нәрсе әрі елеулі дәрежеде сындарлы құбылыс ретінде көрініп жүр: ол элитаның деспоттық билік тізгінін өз уысына жиып алуына бой бермейді.

Элита мен бұқараның қарым-қатынасындағы екі ұшқарылықтың да, басқаша айтсақ, элитаның бетімен кетуіне апарып соғатын нарсе оның соңынан бұқараның көз жұмып ере беруінің де, сондай-ақ өкіметтің заңдастырылғанына нұқсан келтіретін ұшқарылық бұқараның элитаға мүлдем сенбеуінің де саяси жүйеге тигізер кесірі көп. Сондықтан, демократияны бұқараның элитаға бақылау орнатуын қамтамасыз ететін, сол арқылы элитаның бұқараны саяси субъектіліктен айыруына мүмкіндік бермейтін, керісінше оның белсенділігін арттыратын жүйе ретінде қарастыруға болады. [2]

Демократиялық процестің табысты өркендеуі үшін экономикалық тұрақтылық, әлеуметтік шиеленістер мен сілкіністердің болмауы тәрізді бірқатар шарттар сақталынуы қажет.

1. Толық жариялылық, сөз бостандығы бұқаралық ақпарат құралдарына қандай да бір әлеуметтік топтың үстемдік орнатпауы, баспасөздің, теледидар мен радионың баламалық органдарының болуы, олардың көмегімен кемшіліктерді, қателіктерді ашық сынау;

2. Пәрменді оппозицияның, элитаның әрқилы топтарының еркін бәсекелестігінің, саяси плюрализмінің болуы, олардың өзара сыны мен қарсылықтығы орнығып, оларға халық бұқарасы, сайлаушылар төрелік етуі, сол арқылы элитаны бақылауға алуы;

3. Әлеуметтік ынталылыққа элитаның ашық болуы, олардың қатарына қалың тұрғындар қауымының ең қабілетті өкілдерінің ену;

4. Бұқараның элитаға сайлау науқандары арқылы кері әсер етуін қуаттау;

5. Құқықтық мемлекетті орнықтыру үшін міндетті шарт болып табылатын демократиялық принциптер мен заңдарды бұлжытпай сақтау шарттары жатады. [5]

Ұлттық элита

Ұлттық элита ұғымы осы кезге дейінгі ғылыми әдебиетте ұлттық интеллигенция ұғымының контекстінде қарастырылып келеді. Ал кеңестік қоғамдық партиялық номенклатураның сипаты саяси элитаның жекелеген ерекшеліктерін ғана танытқан.

Ұлттық элита деп арнайы аталмағанымен оны қозғаушы, бағыттаушы қызметтің атқарған әлеуметтік топ тарихтың қай кезінде де болған. Осы құбылыстың XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың алғашқы ширегін қамтыған бөлігін бір тұтас бірлікте қарастыруға енгіз бар. Ол негіз ұлттық элитаның отаршылдыққа қарсы азаттық күресінің сипаттық ерекшеліктеріне байланысты. Бұл кезеңде ұлт-азаттық күрестің саяси тәсілдері пайда болды, қалыптасты, және қоғамдық идеялардың практикасына айналады. Жаңа замандағы қазақ тарихының ұлт-азаттық қозғалыстардан туындаған саяси және құқықтық тарихының XIX ғасырдың соңынан Алашорда қозғалысы таратылған 1919-1924 жылдарға дейінгі аралығын бес кезеңге бөліп қарастырылу ұсынылуда.

Ұлт-азаттық қозғалыс кезеңдерінің дәуірі базалық негізі бір текті болғандықтан оларды салыстырмалы тәсіл мен егжей-тегжейлі ой елегінен өткізуге болады. Осы тұрғыдан алғанда, ұлт-азаттық қозғалыс шеңберінде ұлттық саяси элитаның даму эволюциясы, қалыптасу ерекшеліктері және саяси іс-әрекетін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік аламыз. [3]

Элита мәселесі қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. XVI ғасырларда пайда болған *элита* ұғымы мен қазіргі таңдағы *элита* екі бөлек дүние. Себебі, алғаш пайда болған ұғым таңдаулылықтың белгісі болса, қазіргі таңда ол өз статусын жоғалтып алған секілді.

Элита теориясы – қоғамға белгілі азаматтардың игі істері мен жұмыс нәтижелерінің көрсеткіші. Ал осы теорияға сүйенетін болсақ, элита сөзінің астарында көптеген жауапкершілік жатыр. Мысалы, ғылым мен мәдениетті дамытатын, қоғамды басқаратын, әлеуметтік дамудың қозғаушы күші бола алатын, ол – элита екенін байқаймыз.

Сол кездердегі элита қауымы ауқымды мәселелерді шешіп, өз атақ даңқына лайық болған болса, қазіргі таңда, өкінішке орай, элита білгілі бір лауыздымдағы адамдардың қаруы іспетті. Бұл дегеніміз, билік басындағылардың өз атағын асыра пайдаланушылық деуге болады.

Элита – адамның таңдаулылық қасиеті мен үздік болуды талап етсе, қазір қалта қалыңдығымен сараланатын болған. Ал бұл әлеуметтік даму, өндірістік даму және өркендеушіліктің ақсауын туындатуы мүмкін.

К.Поппердің пікірі бойынша: «Демократияның түйінді мәселесі элитаға бақылау орнату ісі болып саналады. Басқарушыларды бақылауға алу және олардың билігін тексеріп отыру негізінен институционалдық проблема - нашар басқарушылар тым көп залал келтірмеуіне бақылау орнату институттарын жобалаудың проблемасы болып табылады», - деп жазды.

Қазірден бастап элита сөзінің астарына көз жіберіп, мағынасын жете түсініп, көңіл бөлінетін болса, онда әлі де бұл лауазымның статусын көтеруге болады деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Колбановский В. В., Осипов Г. В. Исторический материализм и соци- альная философия современной буржуазии. М., 1960; Каленский В. Г. Поли- тическая наука в США. М., 1969; Ашин Г. К. Миф об элите и «массовом об- ществе». М., 1966
http://marxist.clan.su/_ld/0/23_sovremenye_teor.pdf
2. Арынов Е.М., Тулегулов А.К., Шоманов А.Ж. «Элита Казакстана о будущем страны» <http://ecsocman.hse.ru/data/601/722/1217/002.TULEGULOV.pdf>
3. Гайдар Е. «Государство и эволюция» : «Две цивилизации» II тарау
http://www.iep.ru/files/persona/gaidar/Gosudarstvo/g_e.pdf
4. Уикипедия ашық энциклопедиясы
5. Ашин Г.К., Понеделков А.В «Основы элитологии» 1999ж Приор. Москва
http://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Polit/Aschin/01.php

УДК 37.0 (35.3)

АЛАШ БАҒДАРЛАМАСЫ АЛҒАШҚЫ КОНСТИТУЦИЯ РЕТІНДЕ

Тұрсынғали Мархабат Тұрсынғалиқызы

moska.tm@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 1 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б.О. Алтынбасов

Тәуелсіздік – мыңдаған жылда бір келетін бақ. Еуропаша айтқанда, феномен. Тәуелсіздік – жаңаша көзқарас пен айрықша серпілістің бастауы, арғы замандардан жеткен «Мәңгі ел!» мұратының жалғасы. Ал Қазақстан азаттығының бірегей белгісі – тарих. Бостандық үшін күрескен бодан күн мен азаттықтың баяндылығы үшін тер төккен бүгінгі күннің тарихы. Сол тарихтың алаулы, жарқын кезеңі – Алаш тарихы. Бұлай деу – ақылға да сыйымды, шындыққа да сәйкес.